


Бекітемін:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасының  
меңгерушісі: А.М. Жанекетова



Келісемін:   
«Балаус» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ж.К. Шаменов

№ 1 жалпы отырысында  
22.09.2025ж

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
<b>1. Ұйымдастырушылық жұмыс</b>			
1	<ul style="list-style-type: none"><li>Аумақты жабдықтау, көгалдандыру бойынша жұмыс</li><li>«Бірлесіп ағаш отырғызайық!» акциясы</li><li>«Қош бол, балабақша!»</li><li>«1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні» жоспарланған іс-шара</li></ul>	Сәуір  Мамыр Маусым	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
<b>2. Қамқоршылық кеңес отырыстары</b>			
1	Ұйымдастырушылық отырыс: <ul style="list-style-type: none"><li>2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесті сайлау:</li><li>Қамқоршылық кеңестің тізімдік құрамын қалыптастыру:</li><li>Қамқоршылық кеңес төрағасын, хатшысын сайлау</li></ul>	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
2	<ul style="list-style-type: none"><li>Білім беру ұйымында анықталған аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру;</li><li>-Аз қамтылған отбасы ата-аналарының өтініштерін қарау</li></ul>	Қазан	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
3	<ul style="list-style-type: none"><li>Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру:</li></ul>	Ақпан	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
4	<ul style="list-style-type: none"><li>Балабақшаның материалдық-техникалық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері:</li><li>Балалардың жазғы демалысын, сауықтыру шараларын ұйымдастыру:</li></ul>	Мамыр	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЛАУСА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МКҚК	ГККП «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ-САД «БАЛАУСА» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ТЕМИРСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
Шұбарқұдық кенті, көшесі Асау -Барак № 8, тел: 2-23-13 balausa-balabaksha@mail.ru	

**2025 жылдың қыркүйек айындағы ішкі бұйрық кітабынан көшірме**

**«Қамқоршылық кеңестің  
құрамын ұйымдастыру және  
сайлау туралы»**

**Бұйрық № 44**

**22.09.2025 ж**

Темір ауданының білім бөлімінің №414бұйрығын негізге ала отырып, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**Бұйырамын:**

1. Қамқоршылық кеңес төмендегідей құрамда № 26 қосымшаны негізге ала отырып бекітілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Шаменов Жандос Казтуганович  
Мүшесі: Сисемғалиева Парида Галымовна  
Мүшесі: Нугаева Айнур Туребаевна  
Мүшесі: Дербенова Наздан Молдабекқызы  
Мүшесі: Жалғасов Даурен Нурдаулетович  
Мүшесі: Нарымбаева Әйгерім Жәнібекқызы  
Мүшесі: Актуринна Гульнур Ерсайиновна

2. Кеңес жұмысын қамтамасыз ететін хатшы балабақша педагог-психологы Г.Жумабаева

3. Қамқоршылық кеңесінің жоспары құрылып бекітілсін.

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы  
МКҚК-нің меңгерушісі:**



**А.М.Жанекешова**

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасында 2025-2026 оқу жылында өткен қамқоршылық кеңесінің отырысы.**

**Хаттамасы №1**

22.09.2025ж

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі және кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын бекіту
- 2.Қамқоршылық кеңесінің хатшысын сайлау

1. Мәселе бойынша Тыңдалды: А.М.Жанекешова

Балабақша меңгерушісі: ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырды.

Қатысушыларды – Қамқоршылық кеңеске мүшелікке үміткерлерді таныстырды.

Тыңдалды: Ә.Нарымбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Ә.Нарымбаева, қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын оның төрағасы немесе төрайымы қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылатынын атай келе, өз араларынан кеңес төрағасын сайлауды ұсынды, пікірлерін сұрады.

Сөз алған: Зейнеткер ұстаз П.Г. Сисемғалиева

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы қызметіне балабақшаның тынысымен толық таныс Шаменов Жандос Казтугановичті ұсынамын.

Кеңес төрағасы Ж.К. Шаменов кандидатурасын қолдасаңыздар, дауыс беріңіздер.

6 дауыспен Ж.К.Шаменов кеңес төрағасы қызметін қамтамасыз етеді, балабақшадағы қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді.

2. Мәселе бойынша

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, кеңес төрағасына ұсынылған Шаменов Жандос Казтуганович және кеңес мүшелерінің ұсынуымен қамқоршылық кеңестің жұмысын қамтамасыз ету үшін балабақшаның психологі Жумабаева Гульзат Муратовна кеңес хатшысы ретінде сайлануға ұсынылды

Шешім:

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде Шаменов Жандос Казтуганович бекітілсін.

2.Кеңес жұмысын қамтамасыз ететін хатшы ретінде Жумабаева Гульзат Муратовна сайлансын.

Қамқоршылық кеңесінің жоспары құрылып бекітілсін.

Қамқоршылық

кеңесінің төрағасы: Шаменов Жандос Казтуганович

Мүшесі: Сисемғалиева Парида Галымовна

Мүшесі: Нугаева Айнур Туребаевна

Мүшесі: Дербенова Наздан Молдабекқызы

Мүшесі: Жалгасов Даурен Нурдаулетович

Мүшесі: Нарымбаева Әйгерім Жәнібекқызы

Мүшесі: Актуринна Гульнур Ерсаиновна

Хатшы: Жумабаева Гульзат Муратовна

Балабақша меңгерушісі:



А.М.Жанекешова

## Қамқоршылық кеңесінің отырысына шақыру туралы



### Х а б а р л а м а

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері және «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны әкімшілігі, сіздерді 2025 жылдың 13 қарашада сағат 15:00 де «Балауса» бөбекжай-балабақшасында өтетін қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысына шақырамыз.

#### Байланыс телефондары:

Қабылдау бөлімі тел: 8/777 059 3879;

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» меңгерушісінің ұялы телефоны:  
8(778)1553123

Электрондық почта: [balausa\\_balabaksha@mail.kz](mailto:balausa_balabaksha@mail.kz)

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

**Ж. Қ. Шаменов**

13.11.2025 ж

Ақтөбе облысының  
білім басқармасы  
Темір ауданының  
білім бөлімі» ММ  
Шұбарқұдық ауылы



ГУ «Отдел образования  
Темирского района  
Управления образования  
Актюбинской области»  
село Шұбарқудук

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

12.09.2025 жыл

№ 414

**Қамқоршылық кеңес құру туралы**

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Темір ауданының білім бөліміне қарасты барлық мекемелердегі Қамқоршылық кеңестер құрамына қайта өзгерістер енгізіліп, құрылсын.
2. Аталған қағиданың 2 тарау, 4 тармақшасы бойынша Қамқоршылық кеңес құрамы мүшелерінің өкілеттігі үш жыл мерзімге ұзартылсын.
3. Аталған қағиданың 2 тарау, 6 тармақшасы негізінде Қамқоршылықтың хатшысы комиссия төрағасының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайтындығы ескертілсін.
4. Комиссияның хатшысына тиісті саланың өкілетті органның немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері тағайындалсын.
5. Аталған қағиданың 2 тарау, 12 тармақшасы негізінде Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді іріктеу кезінде білімінің болуы, кәсіби білімі, құзыреттілігі, іскерлік беделі ескерілсін.
6. Барлық қажетті рәсімдерді ескере отырып, қамқоршылық кеңесті сайлау күнтізбелік жылдың 1 қазанынан кешіктірмей аяқталсын.
7. Қамқоршылық кеңес төмендегідей **БЕКІТІЛСІН:**
  - №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы КММ (қосымша №1)
  - №2 Шұбарқұдық қазақ-орыс жалпы орта білім беретін мектебі КММ («Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы КММ) (қосымша №2)
  - №3 Шұбарқұдық жалпы орта білім беертін мектебі КММ (қосымша №3)
  - №4 Шұбарқұдық жалпы орта білім беертін мектебі КММ (№5 Шұбарқұдық бастауыш мектебі КММ) (қосымша № 4)
  - Шұбарқұдық гимназиясы КММ (қосымша №5)
  - Қызылжар жалпы орта білім беертін мектебі КММ (қосымша № 6)
  - Ж.Кереев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ (қосымша №7)
  - Кеңқияқ жалпы орта білім беертін мектебі КММ (қосымша №8)
  - Шұбарши жалпы орта білім беертін мектебі КММ (М.Әуезов негізгі орта мектебі) (қосымша №9)
  - Шұбарши мектеп бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №10)
  - С.Байшев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ (Жамбыл негізгі орта мектебі КММ) (қосымша №11)

- Н.Байганин атындағы мектеп-балабақшасы КММ (Ә.Молдагулова атындағы негізгі орта мектебі КММ) (қосымша №12)  
Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ (Бабатай негізгі орта мектебі КММ, «Балапан» бөбекжай-балабақшасы КММ) (қосымша №13)  
Алтықарасу мектеп-балабақшасы КММ (қосымша №14)  
Қопа жалпы орта білім беретін мектебі КММ (қосымша №15)  
Теректі мектеп-балабақшасы КММ (қосымша №16)  
Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі КММ («Алақай» бөбекжай-балабақшасы КММ) (қосымша №17)  
Еңбекші мектеп-балабақшасы КММ (Сартоғай негізгі орта мектебі КММ) (қосымша №16)  
№6 Шұбарқұдық негізгі орта мектебі КММ (қосымша №19)  
Құмсай негізгі орта мектебі КММ (қосымша №20)  
Кеңесту негізгі орта мектебі КММ (қосымша №21)  
«Темір аудандық оқушылар үйі» КММ (қосымша №22)  
«Темір аудандық көркемсурет мектебі» КММ (қосымша №23)  
«Темір аудандық Кеңкняк музыка мектебі» КММ (қосымша №24)  
«Шұбарқұдық балалар музыка мектебі» КММ (қосымша №25)  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №26)  
«Балақай» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №27)  
«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №28)  
«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №29)  
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №30)  
«Ақбота» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №31)  
«Зере» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №32)  
«Гауһар» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №33)  
«Еркем-ай» бөбекжай-балабақшасы КММ (қосымша №34)  
«Беркежен» ЖШС (қосымша №35)  
«Мейірім» бөбекжай-балабақшасы ЖШС (қосымша №36)  
«Баяным» жеке балабақшасы ЖШС (қосымша №37)  
«Ислам» жеке меншік балабақшасы ЖШС (қосымша №38)  
«Дисней» жеке меншік бөбекжай-балабақшасы ЖШС (қосымша №39)
8. Осы бұйрықтың 39 қосымшасына сәйкес Қамқоршылық кеңестің жұмыс ережесі бекітілсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуы әдістемелік кабинеттің әдіскер Г.Ж.Калиеваға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысы



С.М.Карабалина

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасында 2025-2026 оқу жылында өткен қамқоршылық кеңесінің отырысы.  
Хаттамасы № 2**

29.10.2025ж

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі және кеңес мүшелері.

1. А.М. Жанекешова – балабақша меңгерушісі
2. Ж.Ж. Сагизбаева – балабақша әдіскері
3. Г.М. Жумабаева – педагог психолог
4. Ж.К. Шаменов – ҚК төрағасы
5. П.Г. Сисемғалиева – кеңес мүшесі
6. А.Т. Нугаева - кеңес мүшесі
7. Н.М. Дербенова - кеңес мүшесі
8. Д. Н. Жалғасов - кеңес мүшесі
9. Ә.Ж. Нарымбаева - кеңес мүшесі
10. Г.Е. Актурина - кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымында анықталған аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру;
2. Аз қамтылған отбасы ата-аналарының өтініштерін қарау

1. Мәселе бойынша Тыңдалды: А.М.Жанекешова

Құрметті қамқоршылық кеңесінің төрағасы, кеңес мүшелері бүгінгі кеңесте қаралатын 1 және 2 мәселе бойынша (білім беру ұйымында анықталған аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру мен аз қамтылған отбасы ата-аналарының өтініштерін қарау туралы) кеңес өткелі отырғанын хабарлай келе.

ҰББДҚ – базасында «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушісі Жанболат Амина «қаржылай және материалдық көмек көрсетілетін азаматтар санатына жататын: (АСП) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан» мәртебесіне ие, ата-анасына ескертілді, алайда биылғы оқу жылында ата-анадан өтініш түспегенін айтып өтті.

Шешім:

1. Білім беру ұйымында анықталған аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға және ата-аналардың өтініштеріне сәйкес тиісті көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушісі Жанболат Аминаның ата-анасынан биылғы оқу жылында өтініш түспеуіне байланысты, аталған тәрбиеленушіге әлеуметтік көмек көрсету мәселесі өтініш түскенге дейін тоқтатылсын.
3. Аз қамтылған және әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу және құжаттардың уақытылы тапсырылуын қадағалау балабақша әдіскері мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі



А.М.Жанекешова

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасында 2025-2026 оқу жылында өткен қамқоршылық кеңесінің отырысы.**

**Хаттамасы № 3**

**25.02.2026ж**

**Қатысқандар:** Балабақша меңгерушісі және кеңес мүшелері.

1. Ж.Ж. Сагизбаева – балабақша меңгерушісі
2. А.А. Аденова – балабақша әдіскері
3. Г.М. Жумабаева – педагог психолог
4. Ж.К. Шаменов – ҚК төрағасы
5. П.Г. Сисемғалиева – кеңес мүшесі
6. А.Т. Нугаева - кеңес мүшесі
7. Н.М. Дербенова - кеңес мүшесі
8. Д. Н. Жалғасов - кеңес мүшесі

**Күн тәртібінде:**

1. «Қайырымдылық — адамгершілік белгісі» атты акцияны ұйымдастыру.
2. Аз қамтылған және көпбалалы отбасы тәрбиеленушілеріне демеушілік көмек көрсетуді үйлестіру.

I. Мәселе бойынша тыңдалды:

Ж.Ж. Сагизбаева (Балабақша меңгерушісі):

Кеңес мүшелеріне балабақша ішіндегі әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың тізімімен таныстырып өтті. Ол қайырымдылық акциясы аясында тек заттай көмек қана емес, сонымен қатар балаларға арналған мерекелік шаралар ұйымдастыруды ұсынды. Меңгеруші бұл жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қамқоршылық кеңестің белсенді қатысуы маңызды екенін атап көрсетті.

Ж.К. Шаменов (ҚК төрағасы):

Ұсынысты қолдайтынын және акцияға жергілікті кәсіпкерлер мен ерікті ата-аналарды тартуға мүмкіндік бар екенін айтты.

Шешім:

1. Балабақшада «Қайырымдылық — адамгершілік белгісі» акциясын өткізу жоспары бекітілсін.
2. Акцияны өткізу мерзімі болып ағымдағы айдың соңына дейінгі уақыт белгіленсін.
3. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көрсетілген көмек туралы есеп дайындау және оны Instagram парақшасында жариялау Ж.Ж. Сагизбаеваға жүктелсін.
4. Қайырымдылық шараларының барысын бақылау Қамқоршылық кеңес төрағасына қалдырылсын

**Балабақша меңгерушісі:** *Ж.Ж. Сагизбаева*

**Кеңес төрағасы:** *Ж.К. Шаменов*



«Балауса» бөбекжай-балабақшасында 2025-2026 оқу жылында өткен қамқоршылық кеңесінің отырысы.

Хаттамасы № 4

10.05.2026ж

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі және кеңес мүшелері.

1. Ж.Ж. Сагизбаева – балабақша меңгерушісі
2. А.А. Аденова – балабақша әдіскері
3. Г.М. Жумабаева – педагог психолог
4. Ж.К. Шаменов – ҚК төрағасы
5. П.Г. Сисемғалиева – кеңес мүшесі
6. А.Т. Нугаева - кеңес мүшесі
7. Н.М. Дербенова - кеңес мүшесі
8. Д. Н. Жалғасов - кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының қазіргі жағдайы және бюджеттік қаржының игерілуі туралы есеп.
2. 2026 оқу жылына арналған МТБ-ны нығайтудың басым бағыттары (STEAM кабинеттерін жабдықтау, ауланы абаттандыру).
3. Демеушілік көмек пен қайырымдылық қаражатты тарту және оны мақсатты пайдалануды жоспарлау.

I. Мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі мекеменің МТБ жағдайы туралы ақпарат берді. Ол мемлекет тарапынан бөлінген қаржының негізгі қажеттіліктерге (тамақтану, коммуналдық төлемдер, ағымдағы жөндеу) жұмсалғанын, алайда балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін қосымша заманауи құралдар (инновациялық ойыншықтар, робототехника, жиһаз жаңарту) қажет екенін атап өтті.

II. Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелері келесі **нығайту жолдарын** ұсынды:

- **Инновациялық орта қалыптастыру:** Балабақшада STEAM-орталығын құру үшін арнайы конструкторлар, Кюизенер таяқшалары мен Дьенеш блоктарын сатып алуға демеушілер іздестіру.
- **Қауіпсіздік пен жайлылық:** Ойын аландарындағы ескірген құрылғыларды заманауи, жарақат алу қаупі төмен жабдықтармен алмастыру.
- **Шеберханаларды жабдықтау:** Балалардың қол еңбегін дамыту мақсатында қыш өнері мен гипспен жұмыс жасауға арналған шағын студия ашуға қолдау көрсету.
- **Ашықтық:** Жиналған демеушілік қаражаттың жұмсалуды туралы есепті балабақшаның ресми сайтында немесе әлеуметтік желідегі парақшасында жариялап отыру.

III. Шешім:

1. Балабақша меңгерушісінің МТБ туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «МТБ-ны нығайту – 2026» жоспары аясында демеушілер мен кәсіпкерлерге ресми ұсыныс хаттар дайындау Қамқоршылық кеңесінің төрағасына жүктелсін.
3. Топтардағы дидактикалық материалдарды (STEAM элементтерін) толықтыру үшін ата-аналардың ерікті көмегін ұйымдастыру мақұлдансын.
4. Сатып алынған барлық жабдықтардың сапа сертификаттарының болуы және олардың бала өміріне қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынсын.

Балабақша меңгерушісі:  Ж.Ж. Сагизбаева

Кеңес төрағасы:  Ж.К. Шаменов

